

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



БРИФИНГ

Рақымшылық барысында заңдастырылған қаражатқа салық салынбайды

Кеше Астанада Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов Қазақстанда өткізілгені отырған көлемді экономикадағы қаражатты заңдастыру шарасы туралы айтып берді.

Ақордада өткен Ұлттық инвесторлар кеңесінің отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Ұлттық Банкке капиталға рақымшылық жасау туралы заң жобасын әзірлеуді тапсырған болатын. Вице-премьердің сөзіне қарағанда, мүліктің заңдастырылуы 2006-2007 жылдарда өткен шарамен сәйкес болады. Соның негізінде қазір заң жобасы дайындалуда. "Ал жария етілетін ақшаға келетін болсақ, ол табыс болып табылмайды. Сол себептен оған салық салынбайды. Сонымен қатар, жария еткен тұлғалар қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартылмайды. Осы шара барысында жария етілген қаражаттар туралы жеке ақпараттар құпия болып сақталады. Салықтық қызметтік материалдар құпия болып қалады", - деді ол. Вице-премьердің сөзіне қарағанда, заңдастырылған қаражат екінші деңгейлі банктерде орналастырылмақ. Сонымен қатар, оған қатысты баламалы құралдар ұсынылады. "Егер адамдар депозитке ақшаларын салғысы келмесе, онда өзге құралдарды сатып алу құқығы беріледі. Атап айтқанда, Қазақстан экономикасына құя алады. Мәселен, мемлекеттік құнды қағаздарды, екінші деңгейлі банктердің облигацияларын сатып ала алады, ұлттық компаниялардың, даму институттарының акцияларын, халықтық IPO арқылы мемлекеттік меншіктегі компаниялардың қағаздарын ала алады. Сондай-ақ жекешелендірудің екінші толқыны аясында мүлікті жеке меншігіне сатып алуына болады", - деді Б.Сұлтанов. Егер азамат оны жоғарыда аталған құралдарға жұмсағысы келмесе, қаражатты депозиттен шешуіне мүмкіндік жасалады. Бірақ банк ол сомдан 10 пайыздық алым алады. "Бұл салық емес, қазақстандықтарды ел экономикасына инвестициялауға ынталандырудың бір құралы. Депозитке сакталса, ол банктің қорын көбейтеді, егер мемлекеттік нысандарға жұмсалса, ел экономикасының деңгейін жоғарылатады", - деді вице-премьер. Оның айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, заңдастыруды оңтайлы атқару мақсатында Үкіметте жұмыс тобы құрылды.

МӘНГІЛІК ЕЛ

МАҚСАТ – АЙҚЫН, МҮДДЕ – БІР

М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінің мәжіліс залында "Қазақстан – 2050" жалпұлтық қозғалысы кеңесінің мүшелерімен кездесу болып өтті.

Жиынды облыстық "Азаматтық Альянс" қауымдастығының төрайымы Дариха Ақмағанбетова сөз сөйлеп ашып, Сыр өңіріне келген сапарларының мақсаты туралы кеңінен тоқталған кеңес мүшелері Мұхтар Манкеев пен Алмат Жұмабаев атқарған жұмыстары жайлы әңгімелеп берді.

Былтырғы қараша айында құрылған қозғалыс қазіргі таңда 10 жобаны қолға алғатты. Бір қызығы, кеңес мүшелері әр түрлі мамандық иелері көрсенді. Олар қозғалыс жұмысын тұрақты қызмет орындарынан арнайы күн сұрап алып жүргізеді екен. Өзірге нәтиже көңіл қуантарыптай. Айталық, белгілі кардио-хирург Дмитрий Горбунов бүгінде дейін 1700 сәбиге ота жасапты.

Еліміздің Оңтүстік өңірлерін аралап келе жатқан кеңес мүшелері аймақтың білім беру және денсаулық сақтау саласы өкілдерінің, жастардың, кәсіпкерлердің, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар жетекшілерінің "Мәңгілік ел" патриоттық Актісіне қатысты пікірлерін тандап, ұсыныстарын жазып алды. Жиын сұрақ-жауап түрінде қызу талқылаумен өтті.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

КӨКТЕМ ТЫНЫСЫ

ДӘН СЕУІП, ДӘМЕЛЕНІП ОТЫР

«Көктемнің бір күні – жылға азық» тәмсілін берік ұстанатын «Нұрасыл» шаруа қожалығы биылғы дала жұмыстарына күн жылт етісімен, ертерек кірісті. Әуелі шаруашылықтағы 50 гектар жонышқа атызға дискі салып, тырмаласа, қазіргі күні жонышқа егу жұмыстары аяқталып қалды. Дақылға агротехникалық шаралар мерзімінде әрі сапалы жүргізілсе, ертенгі өнімнің мол болуының кепілі. Сондықтан да аталмыш шаруашылық осы қағиданы басшылыққа ала отырып, оңтайлы жұмыс ұйымдастыра білді. Ұжым механизаторлары Серік, Шәкен, Ғани есімді жігіттер нақанды жұмыс кезінде уақытпен санаспай тер төгіп, ертенгі күннің берекелі болуына негіз қаласты.

Шаруашылық төрағасы Тасқын және оның демеушісі Дәулет Жүнебековтер нарықтың қатынастағы ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізудің жолын осы салада көп жыл еңбек ете жүріп меңгерген. Уақытты тиімді пайдалана білу және есепке жетік олар жақсы жетістіктерге жол ашқандай. 2010 жылы іргелі шаруашылықтан бөлініп шығып, аталмыш «Нұрасыл» шаруа қожалығын құрған ағайынды жігіттер алғашқы жылдан бастап-ақ, жерді тиімді пайдалану мен күтіміне көңіл бөлді. Жиын-терім нәтижесінде, әр тектардан жоғары өнімге қол жеткізді. Ақсодаттай сой табысты жалағастырып, биылғы жылы да өздеріндегі алқапқа 160 гектар күріш егуді жоспарлап отыр. Шиелі ауданы Ақмия ауылындағы оңнан астам отбасын жұмыспен қамтып отырған ұжым аудан әкімдігінің кепіл болуы арқылы «Байқоңыр» ӘКК ҰҚу акционерлік қоғамынан 10 млн. теңге несие алуға ниеттеніп отыр. Осы қаржы қолға тисе, тиісті тұқым мен қажетті минералды тыңайтқыштар, жанар-жағармай мәселесі толық шешілімекші.

Нақты кезеңде шаруашылық су жолдарын тазалауды өз күштерімен бітіріп, егін егу жұмыстарына қатысатын барлық техникаларын сақалдай сай әзірлеп отыр.

Нұрмахан ЕЛТАЙ. Шиелі ауданы.

БҰЛАҚ КӨРСЕҢ, КӨЗІН АШ

АЛТЫН АЛҚАЛЫ АРУЖАН

Қызылорда қаласындағы №264 мектеп-лицейдің 4-сынып оқушысы Аружан Сыздыққызы жақында Алматы қаласында өткен "Асыл мұра" халықтық дәстүрлі әннен және жеке аспапта орындаушылардың VI республикалық ән-би байқауының I дәрежелі дипломанты атанды.

Баға кезінен бастап ән айтумен шұғылданған Аружанның өзге қатарластарынан өзгешелігі жоқ. Мектепке барады, үй алдында өзінен кейінгі бауырларына бас-көз болып жүреді. Елгезек, қайда жұмсасаң да қабақ шытпайды, өтінішінді демде оқынайды. Солай жүріп сабағына да, дайындығына қатысып та үлгіреді. Үздік оқығаны және үлгілі тәртібі үшін үнемі мадақтамаға ие болып келеді. Түрлі ән байқауларына қатысып, жарыс жүлделері танылған кездері де аз емес. Мәселен, өткен жылы қалалық ішкі істер басқармасының ұйымдастыруымен өткен "Полиция – дос және қорғаушы" атты патриоттық әндер байқауында жүлделі екінші орынға ие болған еді.

– Аружанның болашағынан көп үміт күтемін,– дейді мектептегі білім беру орталығының ұстазы Ақерке Алпысбай.– Оның дауысы керемет және қай әнді де жүрекпен орындайды. Халық әндерін орындауға деген құлшынысы көңіл қуантады. Вокалды эстрадалық жанрда жеке орындаушы ретінде де алар асуы алда дегім келеді.

Осылай деген ұстаз сеніміміз де қосылмақыз.

Гүлнұр РЕЙМБЕРГЕН.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XXI СЕССИЯСЫ



«ҚАЗАҚСТАН-2050» СТРАТЕГИЯСЫ: БЕЙБІТШІЛІК, РУХАНИЯТ ЖӘНЕ КЕЛІСІМ МӘДЕНИЕТІ

18 СӘУІР 2014 ЖЫЛ АСТАНА

III «БАЙҚОҢЫР» ИНВЕСТИЦИАЛЫҚ ФОРУМЫ

2014 жылдың 16-17 сәуірінде Қызылорда облысында (Қызылорда және Байқоңыр қалаларында)

III «Байқоңыр» инвестициялық форумы өткізіледі

Форумның мақсаты – инвестициялық ахуалды олар әрі жасарту, облыс экономикасына отандық және шетелдік инвестициялар тартуды ұлғайту, индустриалды, туристік және аграрлық салаларында шетелдік және отандық инвесторлардың аймақтың компанияларымен өзара тиімді әріптестік орнату, инвестициялық ахуалды жақсарту, қаржылық инфрақұрылымын дамыту, бизнес-ахуалды жақсарту.

Ұйымдастырушы: Қызылорда облысының әкімдігі.

Форумға қатысуға бизнес-қауымдастығы, түрлі салалық ассоциациялар мен бірлестіктердің, халықаралық ұйымдардың, шетел мемлекеттерінің дипломатиялық миссиялары, ірі халықаралық қаржы институттары мен компаниялардың өкілдері шақырылды. Форум шеңберінде «Союз-У» ғарыш кемесінің ұшыруына тамашалау үшін «Байқоңыр» космодромында болу жоспарлануда. Сонымен қатар «Қызылорда облысының инвестициялық мүмкіндіктері» тақырыбында көрме ұйымдастырылады.

Форумның бағдарламасына келесі тақырыптық секциялар енгізілді:

«Металлургиялық кластердің дамуы – аймақтың келешегі»

«Қызылорда облысында мұнай-газ секторының, геологиялық барлау, баламалы энергетика және машина жасаудың ролі»

«Қызылорда облысының агроөнеркәсіп кешені мен тамақ өнеркәсібінің даму перспективалары»

«Қызылорда облысында туризмнің дамуы»

Кезекті инвестициялық форумның өткізілуі – Қызылорда облысында басымдық жобаларды жүзеге асырудың және инвесторлармен әріптестік қарым-қатынастарды нығайтуға тағы да бір мүмкіндік болып табылады.

Байланыс телефоны:

Назаров Ерлан Асылбекұлы – Қызылорда облысының сыртқы байланыстар басқармасының басшысы, тел. 8-724-60-53-37, ұялы тел. 8-771-888-88-33, e-mail: uvs.kzorda@gmail.com

«Қоғамдық келісім Қазақстан өмірінің өзегіне айналуға тиісті». Былтырғы Астанада өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясы барысында Мемлекет басшысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев осылай айтқан еді. Президент әлем күрделі жағдайды басынан өткізіп жатқан бүгінгі заманда ұттаралық татулық пен толеранттылық ғана елдегі тұрақтылық пен дамудың мызғымас кепілі екенін мықтап қаперге салды. Республиканың әр түкпірінен келген делегаттардың басын түйістірген алқасы жиын жаңа міндеттер мен тың тапсырмаларға жол ашып берген болатын.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр». Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясы осы тақырыпқа арналды. Себебі, елдің елуінші жылға дейінгі бағдарлы құжатын орындауға Ассамблеяның айрықша үлесі бар. Бірлік болмай, тірлік болмайды. Кез келген елдің дамуы алдымен татулықтың, онан соң тұрақтылықтың арқасында екені дәлелденген қағида. Ендеше оны сақтай білу – бүгінгі Қазақстан қоғамының алдындағы құнды парыз.

Ассамблея осы уақытқа дейін жалпы-адамзаттық институтқа айналған ұйым, ол елдегі келісімнің тұғыры, бірліктің тұтқасы бола білді. Ұлт пен ұлысты ұйыстырған қасиетті шаңырақ қазір төрткүл дүниеге тамаша үлгі танытып келеді. Осы аптада Елорда төрінде өтетін Ассамблеяның кезекті XXI сессиясы болады. Біз үшін өте маңызды оқиға саналатын бұл басқосу ұлттар достығын

одан әрі нығайта түседі деп ойлаймын. Бүгінгі таңда әлем күрделеніп, мәдениет құнсызданып барады. Оның үстіне жаһанды дағдарыс жайлаған қысылтаяң кезең ұлт пен нәсіліне қарамай, адамзаттық құндылықтардан алшақтата түсуде. Міне, Ассамблеяның қуаты осындайда қажет. Ендеше, біз бұл сессиядан үлкен үміт күтеміз.

Қазір ондаған ұлттың басын біріктіріп отырған Қызылорда облысында да Ассамблея жұмысы жақсы жүргізіліп келеді. Соның айғағы іспеттес жыл ішінде ұлттық-мәдени орталықтар достық пен татулықты паш ететін алуан түрлі шаралар өткізуде. Аталмыш орталықтарды қаржыландыру жыл санап арта түсуде. Сонымен қатар, аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың қолдауымен биылғы жылы татар халықтарының Сабантойі мерекесі үлкен дәрежеде аталып өтпек. Жалпы, бұл шара бірлестіктің ұйымдастыруымен облыста 2005 жылдан бері тұрақты түрде өткізілсе, биылғы ерекшелік, өңір басшылығының қолдауымен кең ауқымдағы маңызды шараға айналуында болып тұр. Оған Татарстаннан арнайы делегаттар шақырылады деп күтілуде. Негізгі сабантойі – бұл татар халқы мұрасының нағыз маржаны, татар халқының рухани күші, мәдениетінің ерекше сарқылмас бұлағы, күш пен ойдың сыйысы. Бұл мереке біздің облыста сексендеген барлық ұлттардың ықыласпен қатысатын мерекесіне айналады.

Галия ҒИЗАТУЛЛИНА, облыстық татар ұлттық-мәдени орталығының төрайымы.


АЙМАҚ ТУРИЗМІНІҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

Сыр елінде 16 сәуір күні III «Байқоңыр» инвестициялық форумы өз жұмысын бастайды. Осы маңызды шара қарсаңында біз облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Тельман Сүлейменовті әңгімеге тарттық. Өйткені, форум бағдарламасында «Қызылорда облысында туризмнің дамуы» атты тақырыптық секция ұйымдастырылады.

– Тельман Райганияұлы, екі-күндік форум өз жұмысын ертең бастағалы отыр. Онда мамандар аймағымыздағы туризм саласының даму мүмкіндіктерін тақырыпқа таямдық етпекші. Форумға қай елдерден мамандар мен туристік операторлар шақырылып отыр және шетелдік компанияларға қандай көрініс жерлерімізді көрсете аламыз?

– Бұл жолғы форумға көрі құрлық – Еуропаның 5-6 мемлекетінен және көршілес Ресейден туризм саласы бойынша жұмыс жасап жатқан компаниялар мен сала мамандары және отандық туристік агенттік басшылары мен «Астана-ЭКСПО-2017» ҰҚА АҚ өкілдері шақырылып отыр. Мәселен, Германия, Италия секілді елдердің белгілі туристік компания басшылары, сондай-ақ Франция мен Ресейден тиісті мамандар келеді деп күтілуде. Бұған қоса, түрлі елшілік өкілдері келеді. Форумның алғашқы бөлігі Байқоңыр қаласы мен Қармақшы ауданындағы Қорық ата мемориалдық кешенінде өтеді. Ал, екінші туризм кеңіс дамып келе жатыр. Жергілікті туркомпаниялар басшыларының айтуынша, ішкі туризмге адам жинау өте қиын. Меніңше, бұл жерде патриоттық сезім, туған өлкенің керікті жерлерін насихаттау жағы туризмнің дамуы» атты тақырыптық секция өтеді. Сонан соң Байқоңырға жол жүреміз.

– Нақты кезеңде облысымызда 6 туристік компания бар. Өкінішке қарай, олардың барлығы сыртқы туризмді дамыту, яғни ынта білдірушілерді шетелдерге апару ісімен ғана айналысады. Ал, ішкі туризм кеңіс дамып келе жатыр. Жергілікті туркомпаниялар басшыларының айтуынша, ішкі туризмге адам жинау өте қиын. Меніңше, бұл жерде патриоттық сезім, туған өлкенің керікті жерлерін насихаттау жағы туризмнің дамуы» атты тақырыптық секция өтеді. Сонан соң Байқоңырға жол жүреміз.



қуа болды. Аймақ басшысы облыстан таяу болашақтағы осы мүмкіндіктерін саралап, туризм бизнесін дамытуды тапсырып отыр. Облыста ішкі туризммен айналысатын аз дегенде 2 компания және әр аудандан бір-бір компания жасақтауға мүмкіндік жасауға тиіспіз. Ал, біздің басқарманың ұйымдастыруымен өтетін секцияның мақсаты – облысымыздың туристік мүмкіндіктерін көрсетіп, туроператорлармен ынтимақтастық әріптестікке негіз қалау. Осылайша, отандық және шетелдік туроператорлармен алдын ала келісім-шарт жасасуды жоспарлап отырмыз. Бұл мақсатқа өзміздің ішкі мүмкіндіктерімізді таныстыра отырып, қол жеткізуге болады деп ойлаймын. Себебі, әлемде теңдесі жоқ ғарыш айлағы – Байқоңыр мен Камбаш секілді ғажайып көл біздің облыстың аумағында. Байқоңыр кешені мен осы өңірдегі Камбаш көлін туризм мақсатында пайдалану, оның инфрақұрылымын бүгінгі өркениет талабына сай дамы-

ту маңызды мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл мақсатта жұмыстар атқарылып жатыр. Бұған қоса, біздегі Арал теңізінде экологиялық туризмді дамытуға болады. Қазақ елінің байлығы 4 астанасы Сыр жерінде. Мұны біз мақтанып тұтамыз. Екі жарым мың жылдық тарихы бар Шірік-Рабат қала-қорғаны, Қаратаудың етегінде шипажайлар және т.б. бар.

Біз алдағы уақытта Алматы қаласында өтетін «Туризм және саяхат – КІТФ-2014» халықаралық туристік көрмесіне қатысып, Қызылорда облысының туристік мүмкіндіктерін таныстыратын боламыз. Сонымен бірге, Лондон, Пекин және Гонконгта ұйымдастырылатын халықаралық көрмелерге қатысу жоспарлап отырмыз. Ақпараттық-жарнамалық материалдар дайындауда. Ал, ертенгі форумнан күтеріміз көп.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Дәуіржан Е.ЛҮБАЕВ.

МҰЗ АЙДЫНЫНДА МЫҢ БҰРАЛҒАН

Өрелі өнерімен спортсүйер қауымды тамсанып жүрген Элизабет Тұрсынбаева тағы да алтыннан алқа тағынды. Сыр өңірінің тумасы Лиза Байтақызының бұл биылдыққа үшінші алғыны болатын.

Былтырғы жылдың екінші жартысынан бастап канадалық әйгілі бапкер Брайан Орсердің қамқорлығындағы қарашадй қазақ қызының бағындырған белестері биіктей түсуде. Бар болғаны он төрт жастағы жерлесіміз жыл басында Словакияда өткен турнирде топ жарса, наурыз айында Италиядағы долада дара шыққан еді. Енді, міне, Словенияда жалауы желбіреген "Triglav trophy" жарысында жеңістің өнік сатысынан қол бұлғады. Жасөспірімдер арасындағы аламанда бас жүлде үшін Оңтүстік Кореяның үкілі үмітші Лим А Хьон мен алманиялық Алиса Шайлтка шаң қаптырды. Талай байрақты бәсекелерде атой

салған Эшли Вагнер мен Акико Судзукү, Ванкувер олимпиадасының жеңімпазы Эван Лайсачек осы долада бас жүлдені олжалаған болса, білікті бапкерге жолыққан дарынды жерлесіміздің де бақ жұлдызы жанағанын қуан аласы емес. Ердің жасынан енді ғана асқан Брайан көп маманның бірі емес. Орсердің шекенінен талай чемпиондар шыққан. Олардың қатарында Ванкувер олимпиадасының жеңімпазы Ким Ен А, Сочи олимпиадасының жеңімпазы Юдзюру Ханю, сондай-ақ Адам Риппон, Кристина Гао, Элене Гедеванияшвили, Хабер Фернандес, Снития Фанеф, Соня Лафунтэ, Беата Папсиктың жұлдыздар бар десек, сол мықтылардың жеңісті жолы Элизабетке де жұғысты болып, қазақ қызының бағындырар биіктері көп болғай демекпіз.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

Сыр бойы



газетіне 2014 жылдың екінші жарты-жылдығына жазылу жүріп жатыр. Басылымның алты айға жазылу бағасы: жеке-лер үшін – 2750, мекемелер үшін – 3750, редакциядан тікелей жаздырып алатындар үшін – 2500 теңге. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ филиалында жүргізіледі.



ҚУАТТЫ ИНВЕСТОРЛАР КӨП МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕДІ

Сәрсенбіде облыста ІІІ “Байқоңыр” инвестициялық форумы өз жұмысын бас- тайды. Форумда аймақ экономикасының басым са- лаларын дамыту жайы ортаға салынады. Соның ішінде форумның секциялық жұмысында Қызылорда облысының мұнай-газ секторы мен геологиялық барлау, ба- ламалы энергия және машина құрылысын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Баршаға белгілі, өткен жылы облыс әкімінің бастамасымен өткізілген алғашқы екі форумда бұл мәселелерге айрықша басымдық берілген болатын. Соның нәтижесінде облыстың инвестициялық мүмкіндіктері сарапқа салынып, тиімді іскерлік байланыстар орнату мақсатында бірқатар меморандумдарға қол қойылды. Осындай келіссөздердің арқасында инвестиция салу үшін біздің облысқа қызығушылық танытқандар да болды.

Рас, өңірімізде алғашқы жылдары жеті қат жер астынан “қара алтын” мен оған ілесіе шығатын газды өндіру ісі жақсы қарқынмен дамыды. Бірақ соңғы жылдары бұл салада бірқатар проблемалар туындап, өнім өндіру айтарлықтай азайды. Негізгі біздің облыс республикадағы мұнай мен ілесіе газ және конденсат қорларының 4,5 пайыздық үлесіне ие. Бірақ та облыс өткен жылы 10,6 млн. тонна шикі мұнай өндірді. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 97 пайыз екенін білдіреді. Сөйтіп, жыл ішінде облыс 450 мың тонна мұнайды кем өндірді. Әрине, бұл төмендеу осымен тоқтаса дейсіз. Өкінішке орай олай болмай отырған жайы тағы бар. Болжамшылардың айтуына қарағанда, мұнай өндіру жыл сайын 5-6 пайызға төмендейтін көрінеді. Осы жайларды алға тартқан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жақында ғана өңірімізге келген ҚР Мұнай және газ министрі Ұзақбай Қарабалин мен ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы Базарбай Нұрабаевқа жүзеге асыруды қажет ететін бірқатар маңызды мәселелерді нақты дәйектемелермен айтып берген болатын. Соның бастысы, мұнай өндіру ісіне инновациялық әдістерді енгізу қажет. Сонда ғана ол тиімділігін беріп, өнім өндіруді арттыруға жол ашады.

Сондай-ақ, алдағы уақытта облыста өңдеу секторы жоғары қарқынмен

дамыды. Сонда өндірушілер өңдеуші саланы толыққанды қамтамасыз етуге мүмкіндігі болмай қалады. Ал мұндай қиын жағдайдан шығудың жолы қайсы? Аймақ басшысы атап көрсеткеніндей, ең алдымен мұнай қорын арттыру үшін геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу қажет. Әрі ондай көмірсутегі бар жерлер бізде жеткілікті. Атап айтқанда, қазіргін өзінде Оңтүстік Торғай, Шу-Сарысу және Сырдария шөкпе бассейндері зерттеуді қажет етіп отыр. Бірақ та, мұндай істерге мемлекет тарапынан қаржы бөлінбейді. Сондықтан да геологиялық барлауда мемлекет пен жекеменшік әріптестігі ұстанымын пайдалану керек. Яғни, облыстың болашағы үшін маңызды болып отырған бұл іске жеке инвесторларды тартудың маңызы зор. Өткізілгелі отырған ІІІ “Байқоңыр” инвестициялық форумына қатысушылар назарына осы мәселе ұсынылып, талқыға түсері анық. Осы орайда бір нәрсенің басы ашық екенін де айта кеткен дұрыс секілді. Ол қандай да бір инвестор болмасын пайда көру үшін қаржысын салудан тартынбайды. Ал “қара алтын” дегеніміз, нағыз табыстың көзі. Сондықтан да форум барысында бұл бағытта біраз мәселенің түйіні өзінің оңды шешімін табады деген сенім де бар.

Екінші бір маңызды мәселе, ол тұрғындарды газбен қамтамасыз ету

және өңіріміздегі жұмыстарын жандандыру мәселесі де кезегін күтіп тұр. Нақты айтқанда, бүгінде барланған жер көлемі облыс аумағының бес пайызына да жетпейді. Ал облыста көмірсутек шикізаты, түсті металдар, уран, ванадий, ас тұзы мен жерасты сулары секілді пайдалы қазбалар көп. Тек оны тауып, игере білуіміз қажет.

Облыстың негізгі саласы, ол ауыл шаруашылығы. Халықтың басым бөлігі мал және егін егуден айналысатын болғандықтан оған қызмет көрсететін қосымша салалар да дами түседі. Соның бірі осыдан үш жылдай бұрын Украинаның “Бердияксельмаш” зауытымен келісімге келудің арқасында “АзовАралАгроماش” біріккен кәсіпорны дүниеге келді. Бұл біздің облыстың еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі машина құрылысы саласына басқан алғашқы қадам десе де болады. Міне, сонан бері бұл кәсіпорын егін шаруашылығына қажетті 100 дана ЖБР-5 жатқасы мен 24 дана ЖВП-4,9 жатқасын құрастырып шығарды. Мұнан басқа кәсіпорын Сербия елінің трактор зауытымен де келісімге келіп, 42 шөпталығыш және “ІМІ-549 Baikonur” маркалы тракторын жинақтап шығарды. Кәсіпорын басылары бұл істі алдағы уақытта мұнан да жоғары деңгейге көтеріп, дамыта түзуді көздеп отыр.

Сонымен, облыстың қазба бай-лықтарын игеру мен баламалы энергия көздеріне көшу және машина құрылысы секілді салаларды дамыту барысындағы алғашқы істер өзінің оңды нәтижесін беруде. Дәйтуармен, облыстың эконо-микалық даму мүмкіндігін әлі де мұнан биік деңгейге көтеру қажеттігін уақыттың өзі талап етіп отырғандығы рас. Ал ондай деңгейге жету үшін, жақсы жобалар мен оларды толықтай жүзеге асыратын қуатты инвесторлар қажет. Өйткені, көп мәселені шешетін де сол инвесторлар. Өткізілгелі отырған форумның негізгі мақсаты да сондай инвесторларды тарту. Сондықтан да оған қызылордалықтардың күтер үміті де көп.



жайы. Соңғы он жылдай уақыттан бері қала тұрғындары “көгілдір отынның” қызығын көріп келеді. Ендігі кезек, бүкіл облыс халқын табиғи газбен қамтамасыз ету міндеті тұр. Бұл орайда “Ақшабұлақ” кенішінен жеткізіліп отырған газбен қатар, салынып жатқан “Бейнеу-Бозой-Шымкент” магистралыды газ құбырына

“ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз” АҚ тапсырысымен “Арысқұм” кен орнында кешенді газ дайындау құрылысын салу жобасының құжаттамасы жасалды. Оның құрылыс-монтаж жұмыстарына 85 млн. АҚШ доллары қаралды. Алайда мұнай компаниясы инвестиция салу тиімсіз

деп құрылысты тоқтатты. Құрылысты тоқтатуға Үкіметтің қаулысы себеп болған. Қазіргі күні бұл жобаны жүзеге асыруды “Capital Cate Central Asia” кәсіпорны қолға алды. Тек енді мұнай компаниялары кен орнына дейін құбырларды салып, газды жеткізіп берсе деген үміт те бар. Жалпы, облыс халқын газдандыру мақсатында “ҚазТрансГазАймақ” АҚ-мен де кең көлемдегі жұмыстар да қолға алынып отыр.

Сонымен қатар өңіріміздегі геологиялық барлау жұмыстарын жандандыру мәселесі де кезегін күтіп тұр. Нақты айтқанда, бүгінде барланған жер көлемі облыс аумағының бес пайызына да жетпейді. Ал облыста көмірсутек шикізаты, түсті металдар, уран, ванадий, ас тұзы мен жерасты сулары секілді пайдалы қазбалар көп. Тек оны тауып, игере білуіміз қажет.

Облыстың негізгі саласы, ол ауыл шаруашылығы. Халықтың басым бөлігі мал және егін егуден айналысатын болғандықтан оған қызмет көрсететін қосымша салалар да дами түседі. Соның бірі осыдан үш жылдай бұрын Украинаның “Бердияксельмаш” зауытымен келісімге келудің арқасында “АзовАралАгроماش” біріккен кәсіпорны дүниеге келді. Бұл біздің облыстың еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі машина құрылысы саласына басқан алғашқы қадам десе де болады. Міне, сонан бері бұл кәсіпорын егін шаруашылығына қажетті 100 дана ЖБР-5 жатқасы мен 24 дана ЖВП-4,9 жатқасын құрастырып шығарды. Мұнан басқа кәсіпорын Сербия елінің трактор зауытымен де келісімге келіп, 42 шөпталығыш және “ІМІ-549 Baikonur” маркалы тракторын жинақтап шығарды. Кәсіпорын басылары бұл істі алдағы уақытта мұнан да жоғары деңгейге көтеріп, дамыта түзуді көздеп отыр.

Сонымен, облыстың қазба бай-лықтарын игеру мен баламалы энергия көздеріне көшу және машина құрылысы секілді салаларды дамыту барысындағы алғашқы істер өзінің оңды нәтижесін беруде. Дәйтуармен, облыстың эконо-микалық даму мүмкіндігін әлі де мұнан биік деңгейге көтеру қажеттігін уақыттың өзі талап етіп отырғандығы рас. Ал ондай деңгейге жету үшін, жақсы жобалар мен оларды толықтай жүзеге асыратын қуатты инвесторлар қажет. Өйткені, көп мәселені шешетін де сол инвесторлар. Өткізілгелі отырған форумның негізгі мақсаты да сондай инвесторларды тарту. Сондықтан да оған қызылордалықтардың күтер үміті де көп.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі уақытша бос мемлекеттік әкшімшілік лауазыма орналастуа конкурсу жариялайды (Тел: Факс: 8-7242-60-53-74, Пошталық мекен-жай: 120003, электрондық пошта мекен-жайы: ibragimova.k@ira.gov.kz);

1. Әлеуметтік қорғалыу, мәдениетті және бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту бөлімінің басшысы (индекс: 10-1), санаты Д-О-3 (2015 жылдың 1 шілдесіне дейінгі сәби күтіміне байланысты демалыстағы негізгі қызметкердің орны).

Функционалдык міндеттері: Сала бойынша облыстық бюджетті бекіту және нақтылау барысында бюджеттік комиссия отырысына негізделген ақпаратпен, қорытындысын әзірлейді. Облыстық жұмыспен қамуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, мәдениет, тілдерді дамыту жөніндегі басқармалары, ішкі саясат басқармасы бойынша бес жылға арналған стратегиялық жоспарын тексеру жұмыстарын жүргізеді, мақұлдайды. Сала бойынша Қызылорда облысының 2011-2015 жылдары арналған даму бағдарламасын әзірлеу кезінде мәліметтерді талдап, мониторинг жүргізеді. Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы сөйлейтін сөзінің жетінін дайындайды. Облыс әкімінің тапсырмасы бойынша маңызды бағдарламаларды әзірлеуге қатысады және мониторинг жүргізеді, оларды түзету жөнінде ұсыныстар енгізеді. “Жұмыспен қамту-2020” бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ұсыныстар енгізеді және оған талдау жасайды. Облыстың келідей деңгейін төмендету бағытында жұмыстар жүргізу және халықтың ая-ауқаты, жағдайы мен табыстарына талдау жасайды. Әлеуметтік құрып, мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары саласына қаралған қаржының дұрыс жоспарлануына талдау жасап, бюджет қаражатының заңнамда белгіленген тәртіппен тиімді пайдалану жөніндегі ұсыныстар енгізеді. Аудандар мен Қызылорда қаласы бойынша алдағы үш жылға арналған жалпы санаттағы трансферттері есептейді. Бағдарлама әкшімшілері ұсыныр республикалық және облыстық бюджеттерінін мақсатты ағымдағы трансферттерінін аудандарға бөлінісіне келісімі беріп.

Д-О3 санаты бойынша қызмет атқарған жылдарында байланысты лауазымдық жалақысы 84563 тенгеден 114032 тенгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда);

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Жоғары экономикалық білім. Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс: 1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес; 2) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

3) осы санаттағы нақты лауазымының функционалдык бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;

4) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырма негізінде немесе шетелдік жоғары оқу орнындағы Шетелде қалдар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандар бойынша оқуды аяқтауы;

5) ғылыми дәрежесінің болуы.

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Респуб-ликасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Әкіске және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымын мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы жайлы мемлекеттің жаңа саясат бағыты» стратегиясы бөлі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдык міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

-Компьютерде жұмыс істеу қабілеті, мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі, уақыт дипломен бітіргендер қоспалады.

2. Ауыл шаруашылығын және ауылдық аумақтарды дамыту бөлімінің бас маманы (индекс: 09-2), санаты Д-О-4 (2014 жылдың 10 маусымына дейінгі сәби күтіміне байланысты демалыстағы негізгі қызметкердің орны).

Функционалдык міндеттері:

Тісті басқармалар, кәсіпорындар, ведомстволар мен облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басқа бөлімдерімен бірігіп стратегиялық мақсаттар мен басымдықтарды ескере отырып ауыл шаруашылығын дамуына, экологиялық ауылда қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі және Экономика және бюджеттік жоспарлау, Өңірлік даму министрліктерінің құрылымдық басқармаларымен ауылдық даму мәселесі бойынша қарым-қатынас жасайды. Әлеуметтік-экономикалық саясаттың тиісті салалар бойынша негізгі бағыттары енгізілген стратегиялық жоспарларын дайындауға қатысады. «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес ауылдық елді мекендерге түрлендеу жүргізеді. Қызылорда облысының 2011-2015 жылдарға арналған аумақтық даму бағдарламасы жобасындағы «Аумақтық

(кеністік) құрылымды дамыту» бөлімінің жүзеге асырылуын және жоғарғы тұрған органдарға ақпарат беруді ұйымдастырады. Аудандар мен Қызылорда қаласы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелерін тиісті жылдарға арналған бюджет өтінімдерін жобасын қарап, есебін дайындайды. Ауыл шаруашылығы саласы бойынша тиісті жылдарға аудандар және Қызылорда қаласы бюджеттеріне берілетін субвенция көлемінің есебін дайындайды. Аудандар бойынша ауыл шаруашылығы саласына талдау жасайды. Қатысты салалар бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысады. Бюджетті жоспарлау шараларының барлық кезеңіне қатысады. Бағдарлама әкшімшілері ауыл шаруашылығы, табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу және жер қатынастарын реттеу басқармаларының стратегиялық жоспарларын енгізетін өзгерістер мен толықтыруларға қорытынды дайындайды. «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу шараларын іске асыру мақсатында ауылдық (селолық) оқуорттарын атқаратын шаралары бойынша қорытындылар әзірлейді.

3. Әлеуметтік-экономикалық талдау және экономикалық жоспарлау бөлімінің бас маманы (индекс: 02-4), санаты Д-О-4.

Функционалдык міндеттері:

Облыстың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және міндеттері туралы облыс әкшімдігін мәжілістеріне қаулылар, анықтамалар, слайдтар, пресс-релиздер, баяндамалар дайындайды. Ай сайын Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігін және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кенесіне, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне, Өңірлік даму министрлігіне Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы мәліметтер беру жұмыстарын жүргізеді. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіндей, ҚР Үкіметіндегі Қызылорда облысының бас инспекторларының берген форматтары бойынша облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы, міндеттері, проблемалық мәселелері туралы материалдар дайындау. Облыс әкімінің жыл сайынғы қабылдау алдында және облыстық мәслихат депутаттарының алдында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы сөйлейтін сөзінің жетінін дайындау. Тұрақты түрде облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі облыс әкшімдігін қаулыларының, шешімдерінің, әкімдерінің, тапсырмаларының орындалуы бойынша ақпараттар дайындау. Облыс әкімінің бұқаралық ақпарат құралдарына беретін сұхбаттары бойынша және пресс конференциясына қажетті материалдарды дайындау. Облыстың ақпараттық-насихаттық топ мүшелеріне, барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындармен кездесуін аппараттық қамтамасыз ету жөніндегі мекеме-жоспарға сәйкес, ақпараттар беру. Облыс әкімінің аппаратына Веб-порталға, Geo-порталға орналастыру үшін облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі мәліметтерді беріп отыру. Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық паспортын әзірлеу. «Қызылорда облысының дағдарысқа қарсы қолданылған іле қуында қандамдық жоспарын бекіту туралы» облыс әкімдігінің 2013 жылғы 23 қарашадағы №360 қаулысының орындалуы туралы ақпарат беріп отыру.

4. Әлеуметтік қорғалыу және бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту бөлімінің бас маманы (индекс: 10-3), санаты Д-О-4.

Функционалдык міндеттері:

Қызылорда облысы бойынша әлеуметтік-экономикалық дамуының сала бойынша ақпаратты-аналитикалық көрсеткіштерін дайындайды. Қызылорда облысы бойынша алдағы бес жылғы аймақтық даму бағдарламасын әзірлейді және оларға өзгерістер жасайды. Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының 1 бағыты бойынша алдағы уақыттағы іс шаралар жоспарына мониторинг жасайды және тұрғын-үй коммуналдық қызметі арқылы жұмыспен қамту дамуын қалыптастырады. Қызылорда және аудандар бойынша алдағы үш жылдық жалпы санаттағы трансферттер көлем есептерін жасайды. Облыстық бюджет бағдарламалары әкшімшілерінің жаңа шығыстарын қарап және облыстық бюджет комиссиясына қаршына ұсынады. Алдағы жоспарлық мерзімге облыстық мекемелердің бюджеттік бағдарламалары бойынша лимит шығыстарының анықтау үшін есептерін дайындайды. Облыстық бюджеттік комиссиясының мақұлдаған лимит шығыстарын облыстық бюджеттік бағдарламалар әкшімшілеріне жеткізеді. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2013 жылғы 13 наурыздың № 73 бұйрығына сәйкес бағынышты басқармалардың және де олардың мекемелерінің бюджеттік өтінімдерін қарап соларға сәйкес қорытынды дайындай отырып бюджеттік комиссия отырысына ұсынады. Облыстық бағдарламалар әкшімшілерінің бюджеттік өтінімдерінің қортынды материалдарын облыстық бюджет комиссиясына дайындайды. Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне әлеуметтік және мәдениет саласы бойынша мемлекеттік мекемелерінің және қазынашылық кәсіп орындарының штаттық және айлық көрсеткіштерін тоқсан сайын жасап ақпаратты береді. Еңбек ақы қоры және саны, әлеуметтік және мәдениет саласындағы қызметкерлердің әлеуметтік ауырлықтары бойынша ақпаратты жинақтайды және есептерін дайындай тиісті министрлікке жолдайды. Қажетті және теңгерімде бар жабықтар, әлеуметтік қорғау және мәдениет саласындағы мемлекеттік мекемелерінің және қазыналық кәсіпорындарының түрледі жөндеу бойынша талдау ақпаратты дайындайды. Қармақшы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша ай сайынғы есептерін дайындайды. Облыстың еңбек ресурстардың теңгерімін жанұры (актуализациялау) бойынша жұмыстарын жүргізеді. Облыстық мәслихат депутаттарының сауалдарына дәлелдеу жауаптарын дайындайды.

Д-О-4 санаты бойынша қызмет атқарған жылдарына байланысты

лауазымдық жалақысы 64 063 тенгеден 86 485 тенгеге дейін. (Экологиялық коэффициентті есепке алмағанда);

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Жоғары экономикалық білім. Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс: 1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымының функционалдык бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі экономикалық білімі барларға рұқсат етіледі.

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Респуб-ликасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Әкіске және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымын мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы жайлы мемлекеттің жаңа саясат бағыты стратегиясы бөлі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдык міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

-Компьютерде жұмыс істеу қабілеті, мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі, уақыт дипломен бітіргендер қоспалады.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздың № 06-732 Бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әкшімшілік лауазымдарға орналастуа конкурсу өткізу және конкурсу комиссиясы қалыптастыру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес өткізіледі.

Байқауға қатысқысы келген азаматтар Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) Қағидалардың 2-қосымшаға сәйкес нысанды өтінші;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сұраунам;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін тізгімінеде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандығы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азаматының және куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттары тапсыру сәтінде уәкілетті органдармен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тегістелген өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе материалдық куәландырылған сертификат көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурсу жарияланған бес жұмыс бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген қажатты ұсыну талап етілмейді.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшасында көрсетілген құжаттары олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (қарқ қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар өздерінің білімі, жұмыс тәжірибесі, кәсібі деңгейі және беледі жайлы (кәсіби біліктілігін арттырған жайлы, ғылыми атағы және дәрежесін алғаны туралы құжаттардың, мінздемелерінің, ұсыныстардың, ғылыми жарияланымдарының және басқа да көшірмелері) қосымша ақпарат ұсына алады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына, мына мекен-жай бойынша тапсырылуы тиіс:

Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/з, Қызылорда облыс әкшімшілігі ғимараты, 5-кабат, 529 кабинет.

Анықтама телефоны: 8 (7242-2) 60-53-00 (ішкі номер: 5735); 60-53-75.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар хабарламада көрсетілген электрондық пошта мекен-жайына электронды түрде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін осы хабарламада көрсетілген құжаттарды электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын келіштірілмей береді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар конкурсу комиссия шешім қабылдаған күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурсу комиссиясының хатшысымен хабарландырылады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасында мына мекен-жайда өтеді:

120003, Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/з, Қызылорда облыс әкшімдігінің ғимараты, 5-кабат.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол берілмейді.

Аталмыш лауазымағ орналасқан азаматтар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жөнісдіктер ұсынылмайды.

Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының конкурстық комиссиясы.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІМЕН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі

2014 жылғы 4 сәуір

№ 191 Қызылорда қаласы

25 сессия

Облыстық сайлау комиссиясын сайлау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 7-1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қызылорда облыстық сайлау комиссиясын қосымшаға сәйкес құрамда сайлауын.

2. «Облыстық сайлау комиссиясын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2009 жылғы 13 сәуірдегі №153 шешімі жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім қабылданған күнінен бастап қолданыса енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының
25 сессиясының төрағасы
Т. Әлімқұлов

Қызылорда облыстық
мәслихатының хатшысы
Б. Еламанов

Қызылорда облыстық мәслихатының

2014 жылғы 4 сәуірдегі № 191 шешіміне қосымша

Облыстық сайлау комиссиясы

(мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қызылорда облыстық мекемелер үйі ғимараты)

р/с	Комиссия мүшесінің аты-жөні	ұсынған партия, қоғамдық бірлестік атауы
1.	Қайроллаұлы Қорғанбек	«Нұр Отан» партиясы
2.	Түрешова Ләйля	Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партиясы
